

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/KXCT2765>

***Г. К. Шахажанова**

Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: sulnar79@mail.ru

ҒАЛЫМ С. ҚАСҚАБАСОВТЫҢ ХИКАЯЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Мақалада қазақ фольклортану ғылымының зерттелуі, фольклор үлгілерінің жиналуы талданады. Бұл салада академик С. Қасқабасов қазақ фольклорындағы хикая кейіпкерлерінен албасты мен жезтырнаққа талдау жасайды. Албасты – хикаялар кейіпкері. Синкретті бейне. Албастының бейнесі ертедегі Месопатомия елінен бастап кездесетіндігі талданады. С. Қасқабасов қазақ хикаяларының негізі белгілерін анықтай бере отырып, олардың пайда болуы, қоғамдық қызметі, кейіпкерлеріне талдау жасайды.

Қазақ фольклорындағы аңыздарға, хикаяттарға, ертегілерге, жырларға т.б. жанр түрлеріне қатысты тұста С. Қасқабасов тұжырымы туындының қызметі, белгілері, қоғаммен қатынасы, пайда болу себептері, мақсат-міндеттеріне қарай анықталады. Әсіресе ертегі жанрының прозалық белгілері мен сипаттары, түрлеріне қатысты ойлары фольклортану ғылымындағы жаңа ойларға бастама болғаны айқындалады. Бұл мақалада теориядағы таңдалған әдістің өміршеңдігімен бірге ойды анықтау мен жүйелеуде нақтылыққа, ғылыми дәлелді жеткізуге ықпал ететіндігі көрсетіледі.

Хикаяттың басты белгісі – діни мифологиядағы сюжеттерімен ортақтықта. Бұл белгі бірнеше халықтардың әпсана-хикаяттарында бар айдаһар, немесе ордалы жылан туралы оқиганың кездесуінде деп түсіндіреді. С. Қасқабасов қазақ хикаяларының негізгі белгілерін анықтап береді. Олардың пайда болуы, қоғамдық қызметі, кейіпкерлеріне талдау жасайды. Сонымен бірге хикаяның жанрлық өзгерістерінің мәнін, себебін анықтап көрсетеді.

Кілтті сөздер: қазақ фольклоры, хикая, кейіпкер, прозалық белгілері, қоғаммен қатынасы.

Кіріспе

С. Қасқабасов аңыздық проза жанры қатарында хикаяларды да алады. Хикаядағы өзгешелік – қиялдың болуы. Шығарма мазмұнын мифтік кейіпкерлермен бірге шындық өмірдегі адамдар бейнесі араласып толықтырады. Шығарманың жанрлық ерекшелігі – халықтың мифтік мақұлықтыр мен құбыжықтар туралы танымын барынша аша түседі. Хикаяның кейіпкерлері – халық шын өмірде бар деп сенетін жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, үббе, албасты, күлдіргіш, шайтан, пері, дию т.б. болып келетін діни наным мен сенімді бейнелері. С. Қасқабасов бұндай мифологиялық шығармаларды «қарабайыр мифологияға» жатқызатынын айтып, бұл пікірдің дұрыс еместігін айтады. Әлемдегі мифологияны Ежелгі Грек және Рим мифологиясымен салыстыруға болмайды. Азия, Африка, Америка халықтарының рулық, патриархалды-феодалдық қоғамында туған, ертегілік деңгейге көтерілмеген, мерзімі жағынан көне Греция, Рим, Үнді мифологиясынан бұрын туған шығармалар да бар. Бұлар да өз дамуына қарай мифтік туындылар болады. Ал хикая олардан бөлек. Хикаяның жанрлық ерекшелігі феодалдық кезеңдегі мифтің өзгерген түрі екенін анықтайды. Бұндай жанрлар құлиеленушілік қоғамды бастан кешірмей, патриархалдық-феодалдық қоғамға өткен халықтарға тән. Бұл дәуірде мифтің танымдық қызметі көркемдік-эстетикалық сипатқа өтеді. Миф қоғамдағы сауалдарға жауап беруші емес, тек кейіпкерлері сақталған, іс-әрекеттері, не қарай шығарма мазмұны өзгерген жанр түрлері болып қалыптасады. Мифтегі күшті кейіпкерлер адамды алдап, арбап, қулықпен қолға түсіруді мақсат етеді. Осыған байланысты адамның бұрын қорыққан мақұлықтардан ендігі жерде өзін күшті, артық сезініп, қарсы қоя алғаны суреттеледі. С. Қасқабасов хикаяның басты белгілеріне кейіпкерлері, композициялық құрылымын алады. Хикаядағы сюжеттің құбырылымы, кейіпкерлер бейнесі, табиғат суреттері, әңгімелеушінің сипатталуы – судың, таудың, қоршаған ортадағы әр нәрсенің иесі бар деген сенімге бағыттала құрылады. Осыған орай, хикаяда оқиға әңгіме айтушының атынан баяндалады. Кейіпкер өзі бастан кешкен оқиғаны әңгімелейді. Оқиға болған жер, кейіпкерлердің аты, кей кездері кәсіптері, айналысатын істері туралы деректер беріледі. Сондықтан да хикаяның шын екендіген еріксіз сендіреді.

«Ақмешіттің бер жағында, өзімен үшінші қызыл үйдің маңайында Бірқазан деген көл бар. Бірқазаннан кешке таман екі жігіт атпен түнде, айдың жарығымен келе жатса, жолдың бір жағында екі бойжеткен қыз отын арқалап келе жатады. Біраз тұрған соң екеуі де қалың тоғайға еніп кетті де, бұлардың атын атап, от жағып «ауыл мұнда» деп шақыра бастады» [27, 104]. С. Қасқабасов хикаяның белгілерін анықтап береді.

1. Шығармадағы оқиға көбіне ертегілер ішінде 1-жақтан әңгімеленеді.

2. Хикаядағы сюжет күнделікті адамдар өміріне құралады. 3. Хикаяда мифтік кейіпкердің суреттелуінде көп ортақтық бар: жезтырнақ (қара сұр, ұзын бойлы, тырнақтары ұзын), қыз бейнесі (шайтан) т.б. Мифологиялық құбыжықтардың сырт пішінінде детальдар ғана алынады. Бастапқыда жолаушы қыз (шайтан), сұлу келіншек (жезтырнақ) кейпінде көрінеді. Кейбір хикаяларда жезтырнақ, албасты, перінің бет әлпеті суреттеледі. Көркем суреттер де кездеседі. Бұл кейінгі көркем прозаның әсері болса керек. 4. Хикая көңіл көтеру үшін, сергу үшін айтылмайды, нақтылы бір жағдайларға байланысты айтылады. 5. Мифологиялық белгілер тән: мифтік кейіпкер, кейбірінің трагедиямен аяқталуы, тылсым оқиға, түн іші, екі кештің арасы, тау іші, орман арасы, айдала, орма, қамыс арасы, белгісіз жалғыз адамның кездесуі т.б. 6. Кей жағдайда әңгіме 3-жақтан баяндалады. Әңгімелеуші естіп едім деп, сол оқиғаны бастан кешкен адамды білетініне куәлік бере айтады. 7. Әңгімелеуші өзі сене айтқандықтан да, тыңдаушылар да сенеді.

Хикаялар елсіз жердегі аңшы, малшы, жолаушылар арасында айтылған. Табиғат ортасында жүріп, оның сырларын көргенімен, әлі де ұға алмай, табынып, қорқып жүрген адамдар арасында туған. Өзгеше орта оның жанрлық ықпалын күшейте алады.

Қазақ фольклорындағы хикаялар кеш жазылып, алынған. Көркемделуінің себептері де содан болса керек. Қазақ мәдениетінде фольклор ұзақ уақыт мәдени, рухани, көркем және эстетикалық қызметтер атқарды. Сондықтан хикая жеке жанр ретінде де, басқа жанрлармен де сабақтастықта дамыды. Хикаяның ертегіге өтуі әлдеқайда тезірек өткен. Бұл хикаяның азаюына да ықпал етті. Хикая жанрларының азаюына ислам діні де айрықша әсерін тигізді. Мұсылман діні өзіне дейінгі таным-түсініктегі бечнелерді өз танымдарымен алмастырды. Мсылаы, «Мамай батыр», «Еділ-Жайық» хикаяларында жезтырнақтың туыстары, балалары кек алуға шығады. Бұны ғалым батырлық ертегі мен қаһармандық эпосқа тән генеологиялық циклдену көрінісі деп түсіндіреді [27, 110].

Хикаяны әңгімелеудегі тұрмыстық белгілердің қосылуы, табиғат пен қоршаған ортаны суреттеудегі өмірдегі қалып алынады. Хикаялар 1 оқиғалы, 1 эпизодты болып келеді. Құрамында 2-3 сюжетте болуы мүмкін. Ерекшелік қанша сюжет болса, сонша хикая болады. Шығарманың хикая немесе ертегі болуы айтушының мақсатына байланысты. Егер 2-3 хикая бір кейіпкер маңына жиналса, шығарма көркемделе түседі. «Қара мерген», «Боран батыр», «Еділ-Жайық» осыған дәлел бола алады.

Ғалым жанрдағы әсірелеу албасты, жезтырнақтан дию, пері, шайтандармен шайқасқа ауысқан. Айдаһармен шайқас ертегілерде көп. Елсізде мақұлықтармен кездесетін әңгімелер алғашқыда меморат түрінде пайда болған деген ойды айтады. Албасты, жезтырнақтар кездесетін хикая

келе-келе айдаһар, жалмауыз, дию, пері, шайтан ертегі құрамына өткен. Ендігі бір хикаялардың тобы ертегілер мен эпос құрамына енбеген, өздері жеке сюжеті қлапында қалған. Бұлар – хикаялар.

Материалдар мен әдістер

С. Қасқабасов қазақ фольклорындағы хикая кейіпкерлерінен албасты мен жезтырнаққа талдау жасайды. Албасты – хикаялар кейіпкері. Синкретті бейне. Албастының бейнесі ертедегі Месопатомия елінен бастап кездеседі. Тәжік, иран халықтарында, түркі тектес халықтардың ішінде ноғай, өзбек халықтарынан мысалдар келтіреді. Албасты жайындағы хикаялар саны – үшеу: 1) «аузында өкпесі бар ит (ешкі)» туралы; 2) түнде келіп, әйелді, қызды тұншықтыратын албасты туралы; 3) адам мен албастының үйленуі жайында.

Хикаяда албастының адаммен кездесетін жері иен дала, жол үсті, көлеңке. Албастының бейнесі шашы жалбыраған, емшектері салбыраған болып сауреттеледі. Негізгі қызметі – жас босанған әйелдерді өлтіру. Албастының екі түрі сарысы мен қарасы болады. Сарысы – қу, алдауды жақсы білетін, қарасы – күшті де қауіпті. Қазақ тіліндегі «қара бассын!», «қара басқыр!» деп келетін қарғыс сөздердегі қара албастының бейнесінен қалған түсінік деген ойды айтады.

Хикаяларда адам албастыны жеңеді, өлтіреді. Ғалым сюжеттің бұлай аяқталуын фольклорлық алғашқы бейнелердің жасалуымен байланыстырады. Фольклордағы батыр бейнесінің алғашқы үлгілері деп бағалайды. Адам албастыны күшпен емес, тылсым құдіретпен жеңуі де бар. Жезтырнақ туралы сюжеттер ұқсас. Әсіресе иен далада, орман ішінде кез болып, адамның сезіктенуі, түнде орнына томарды қоюы, жезтырнақтың алдануы. С. Қасқабасов жезтырнақ пен албасты бейнелері туралы Ш. Уәлиханов пікірін келтіреді. Ш. Уәлиханов жезтырнақтың ері туралы айтады. Ғалым осы ойды толықтырып, сөрел – орман адамы, кейде жезтырнақтың ері. Әйел кейпінде орманда тіршілік етеді. Ғалым Ш. Уәлихановтың жезтырнақтар елі туралы хикаясын келтіреді. Бұл адамнан да басқа тіршілік иелері бар деген мифтік танымды көрсетеді. Жезтырнақпен шайқасып, оны жеңетін батырлар бейнесі – фольклорлық бейнелердің алғашқылары. Осы тұста Жамбыл жырлаған «Өтеген батыр» жырын мысалға келтіреді. Жамбыл ақын қазақ фольклорындағы сюжетті сақтай отырып, эпостық жыр жазған. Бірақ ақынның өзі оны хикая деп атаған екен. Сюжеттің ұқсастығы мен композициясы фольклордағы хикаялардың желісін сақтаған. Жыр бірнеше хикаядан тұрады. Әрбір хикаяны бір жыр деп алуға болады. Бірақ Жамбыл шығармасының көркемдігі – эпостық жыр, жыр поэтикасының заңдылықтары бар. Ғалым жанр – сюжетті баяндау тәсілі де бола алатындығына мысал келтіреді, хикая көркем фольклор түріне айналған деген пікір айтады [48].

Жезтырнақтар жеке-жеке жүрмей, тұтас ел болып тіршілік ететін туралы да сюжеттер бар. Сонымен бірге «Еділ-Жайық», «Мамай батырдың арманы», «Боран батыр» ертегілеріндегі хикаяларда бірі үшін бірі кек алады. Бірақ түбінде адам жезтырнақтарды құртады.

Нәтижелер және талқылау

С. Қасқабасов қазақ хикаяларының негізі белгілерін анықтап береді. Олардың пайда болуы, қоғамдық қызметі, кейіпкерлеріне талдау жасайды. Сонымен бірге хикаяның жанрлық өзгерістерінің мәнін, себебін анықтайды. Хикаяның мақсаты – сендіру, иландыру. Сонымен бірге оның тұрақты кейіпкерлері бар. Қазақтың исламға дейінгі танымының негізін білдіреді. Ендеше фольклор жанрларының өзгеруі мен дамуы қоғамдық дамуыдың өзгеруімен, қатынастардың екінші түрге ауысуымен байланысты. Соған қарай олардың танымдық, эстетикалық және идеялық қызметтер де өзгереді. Бұл өзгерістер жанрдың екінші түрге ауысуына ықпал етеді.

Ғалым әпсана мен хикая жанрларының ортақтығы – аңыздан көркемдігі басым, ертегіден көркемдік қуаты төмендігі десе, ерекшеліктері тарихта болған адамдар жайындағы шығармаларда әпсаналық белгілер, ал дінге қатысты туындыларда хикаяттық белгілер болады деп анықтайды.

Әпсана және әпсана-хикаят – аңыз мен ертегінің аралығындағы, халық прозасының қарапайым түрден көркем үлгіге айналған түрі. Аралық жанр болғандықтан да оның бойында миф, хикая, аңыз жанрларының белгілері бола береді. Әпсана-хикаяттан көркемделе классикалық үлгіге өтіп ертегіге айналады.

Ғалым С. Қасқабасов әпсана-хикаяттың бірнеше белгілерін көрсетеді.

1 Аңыз бен ертегінің ортасындағы жанрлық сипаттарымен өзгешеленеді.

2 Қарапайым прозадан көркем үлгіге көше бастаған халықтық әдебиетінің түрі.

3 Аңыздан көркемдігі артықтау, ертегіден қалыңқы жанрдың қалыптасуы мазмұнына, сюжетіне байланысты.

4 Жанрлық жағынан бөліністе әр біреуінің мақсатын да еске алады. Аңыз үші ең бастысы – нақты бір тарихи оқиға туралы дерек беру. Қызметі – танымдық. Әпсана-хикаяттың мақсаты – ерте замандарда болған, болды деп ел аузында сақталған, көркем баяндай отырып, ақыл айту, насихат пен ғибратты тәрбие беру.

5 Бас кейіпкерін өзгеден артық етіп, асыра дәріптеп бейнелейді. Әулие, адамзаттан артық туған жандардан өнеге алуға шақырады.

6 Аңыз бен әпсана-хикаяттың да оқиғасына өмірде болған деректер алынғанымен, аңыздың кейіпкерлері мен оқиғасы бергі кезеңдердікі, ал әпсана-хикаяттың кейіпкерлері одан ары дәуірлердікі болғандықтан да, көркемдік молая түскен.

7 Мазмұнында дінге қатыссыз оқиға алынатын жанр түрлері – әпсаналық, дінге қатысты халықтық прозада – хикаяттық белгілерін мол болады.

8 Әпсана – парсы сөзі. Мағынасы – 1) ертегі, мысал, қиял, әңгіме дегенді білдірсе; 2) әдемі, сұлу, керемет деген мағынаны да ашады. Осыдан жанр табиғатындағы қиял мен кереметтің, көркемдіктің белгілерін анықтауға мүмкіндік аламыз.

9 Әпсана-хикаяттың пайда болу табиғатын екі түрмен береді. 1. Аңыздың өз белгілерінен айырыла бастауы, көркемдік, қиял, суреттеудің көбеюі себепті әпсана-хикаяттарға өтуі. 2. Ойдан шығарылады, діни әдебиеттерден : Құран, Інжілден алынуы мүмкін.

Ғалым әпсана мен хикаят терминдерінің қолданысын талдайды. Әпсана терминін Ә. Марғұланның қолданатындығын негіз ете отырып, бұл терминнің таныстығын ғана емес, әдебиеттануда белгілі орныққандығын да ашады. Хикаят деп діни әңгімелер мен Құран сюжеттерінен алынған туындыларды атайды. Ғалым қазақ мәдениетіндегі «Дала уәлаяты» газетінің бетіндегі еңбектерді мысалға алады. Осы газетте хикаятты – «легенда» деп аударыпты. Сол себептен де, легенда деген термин аша алады деген тоқтамға келеді.

Топонимикалық аңыздар арқылы әпсана-хикаятқа өту жиі болады. Мысалы: «Айнакөл», «Өгіздің терісі», «Тоқпанның балалары», «Қара жігіт», «Қызылкеніш ордасы» туындылары – осының дәлелі. Оқиғасында ерте заманда өткен оқиғаны баянданымен де, мақсаты – солай болған екен дегеннен гөрі осылай болса екен арманды алға шығаруымен өзгеше. Ертегі жанрының қиялмен өрнектелген белгілерін бойына жинағанымен де, сол ертегідегідей тым көркемдейтін, тым қиялмен өрілген аспанда ұшу, қала салып, суды жұту, темір үйді талқан ету сияқты әсіре қиялдан ада болары – жанрлық өзгешелігі. Әпсана-хикаяттар қоғамның санасын білім мен дін арқылы ашады. Ертегі қиял мен көркем кесте арқылы береді. Әпсана-хикаяттың негізіне білім мен дін алынады дегенді де біржақты түсінбеген жөн: көркемөнер үлгісі болғандықтан да таза дін немесе таза білімді айту міндет емес. Бұл ретте әпсана мен хикаяттың табиғаты дін мен білім шықпай тұрып пайда болған, адамзаттың алғашқы қауымының жемісі екендігін анықтайды. Замандар өте келе, ол жаңарып, жетілдірілері белгілі. Сондықтан да қарапайым дін туралы түсініктер, алғашқы білім негіздері болады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ғалым С. Қасқабасовтың әпсана-хикаят туралы ғылыми көзқарастарынан мынандай ойды түйіндеуге болады:

1 Миф және хикаят ерте кездегі адамдардың тірлікте бола алмайтын қиялдарын суреттесе, аңыз тарихи оқиғаларды бейнелейді, әрі күнделікті тірліктен алған тәжірибе басым болады.

2 Аңыз өмірде болған нақты тарихи тұлғалардың өмірін негізге алады. Осы суреттеу мен көркемдеу замандар өте келе эпсана-хикаят болады.

3 Эпсана-хикаяттың пайда болуы аңыздағыдай емес. Жанрлық жағынан мифтің, аңыздың белгілері бар, бірақ оларға қарағанда ертегіге жақын сипаттарымен ерекшеленеді.

4 Аңыздық прозаның түрі ретінде эпсана-хикаяттардың да көркемдігі ертегіден төмен болады. Себебі космогониялық, діни, тұрмыстық деректерді жеткізуді мақсат етеді.

5 Эпсана-хикаятты да айтушы да, тыңдаушы да көркем шығарма деп қабылдамайды. Тарихи дерек, қоғамның белгісі, суреті деп түсінеді. Бұл көркемдік жағынан кемелденуіне кері әсер етеді.

6 Аңыздық прозаның әр түрінің дамуы мен өзгеруінің заңдылықтары бар. Олар адамдар қоғамында нақты бір қызметтерді атқарады. Қоғамның танымдық, эстетикалық қызметтерінің өзгеруіне қарай аңыздық прозаның түрлері де өзгеріп отырады.

7 Аңыздық проза – ертегілік прозаның дамуына ықпал еткен жанр. Сонымен бірге фольклорлық кейіпкерлердің кемелденуіне, көркемденуіне де әсері зор.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Қасқабасов, С., Әзібаева, Б.** Қазақ дастандары Кітапта: Бабалар сөзі : Жүзтомдық. //Томның редакциялық алқасы : Әзібаева Б. (жауапты редактор), Қасқабасов С., Қирабаев С., Рақышева Ж. (жауапты шығарушы) // Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әзібаева Б. – Астана : Фолиант, 2004. Т. 1.: Хикаялық дастандар. – 2004. – 360 б.

2 **Радлов, В.** Ел қазынасы – ескі сөз (В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). – Алматы : Ғылым, 1994. – 623 б.

3 **Қасқабасов, С.** XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы // Кітапта: Қазақ фольклористикасының тарихы – Алматы: Ғылым, 1988. 146–147 б. б.

4 **Қасқабасов, С.** Золотая жила /Избранные исследования. – Астана : Елорда, 2000. – 320 с.

5 **Қасқабасов, С.** Золотая жила Истоки духовной культуры – Астана : Елорда, 2000. – 752 с.

6 **Юнг, К. Г.** Душа и миф : шесть архетипов. Пер. с англ. – Киев : Государственная библиотека Украины для юношества, 1996. – 384 с.

7 **Мелетинский, Б. М.** Поэтика мифа. 3-е изд., репринтное. (Исследования по фольклору и мифологии Востока). – М. : Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2000. – 407 с.

8 **Қасқабасов, С., Аймұхамбет, Ж. Ә.** Қазақ фольклоры Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы : CyberSmith, 2018. – 288 б.

9 **Пропп, В. Я.** Фольклор и действительность – М. : Наука, –1976. 327 с. – (Исследования по фольклору и мифологии Востока)

10 **Қасқабасов, С.** Таңдамалы. – Астана : Фолиант, 2014 Т. 1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – 320 б.

11 **Қоңыратбаев, Ә.** Қазақ фольклорының тарихы. Алматы : Ана тілі, 1991. – 288 б.

References

1 **Kaskabasov, S., Azibayeva, B.** Qazaq dastandary Kitapta: Babalar sozy: Zhuztomdyk [Kazakh sagas // in the book: ancestors lyrics: Centenary] // Editorial board of the volume: Azibayeva B. (responsible editor), Kaskabasov S., Kirabayev S., Rakisheva zh. (responsible publisher) // the volume was compiled and prepared by: Azibayeva B. – Astana : Folio, 2004. Vol. 1.: story sagas. – 2004. – 360 P.

2 **Radlov, V.** Yel kazynasy – yeski soz (V. Radlov zhinahan qazaq folklorynyn ulgileri) [The Treasure of the country is an old word (samples of Kazakh folklore collected by V. Radlov)]. – Almaty : Science, 1994 – 623 P.

3 **Kaskabasov, S.** XIX hasyrdyn yekinshi zharty syndahy qazaq folkloristikasy // Kitapta: Qazaq folkloristikanyñ tarihy [Kazakh folkloristics of the second half of the XIX

century // in the book: history of Kazakh folkloristics]. – Almaty : Science, 1988. pp. 146–147.

4 **Kascabasov, S.** Zolotaya zhila / Izbrannyye issledovaniya [Golden Life / extensive research]. – Astana : The Capital, 2000. – 320 p.

5 **Kaskabasov, S.** Zolotaya zhila Istoki duhovnoi kultury [Golden Life of a spiritual culture]. – Astana : the capital, 2000. – 752 P.

6 **Jung, K. G.** Dusha i mif: shest arhetipov. Per. s angl. [Soul and myth: the six archetypes. Tr. from English]. – Kiev : State Library of Ukraine for youth, 1996 – 384 pp.

7 **Meletinsky, B. M.** Poetika mifa. 3-e izd., reprintnoye. (Issledovaniya po folkloru i mifologii Vostoka) [Poetics of the myth. 3-rd ed., reprinted. (Research on folklore and mythology of the East)]. – Moscow : Publishing firm «Eastern literature» RAN, 2000. – 407 P.

8 **Kaskabasov, S., Aimukhambet, Zh. A.** Qazaq folklorы Zhohary oku oryndaryna arnalhan okulyk [Kazakh folklore textbook for higher educational institutions]. – Almaty: CyberSmith, 2018 – 288 P.

9 **Propp, V. Y.** Folklor i deistvitelnost. (Issledovaniya po folkloru i mifologii Vostoka) [Folklore and activity (Research on folklore and mythology of the East)]. – Moscow : Science, 1976. – 327 P.

10 **Kaskabasov, S.** Tandamaly [Selective]. – Astana : Folio, 2014 Vol. 1. Qazaqtyn halyk prozasy. Zertteuler [Kazakh folk prose. Research]. – 320 P.

11 **Konyratbayev, A.** Qazaq folklorynyn tarihy [History of Kazakh folklore]. – Almaty : Native language, 1991. – 288 P.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

*Г. К. Шахажанова

Казахский национальный исследовательский
технический университет имени К. Сатпаева,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

ИССЛЕДОВАНИЕ ПО РАССКАЗАМ УЧЕНОГО С. КАСКАБАСОВА

В статье анализируется изучение казахской фольклористики, сбор образцов фольклора. В этой области академик С. Каскабасов анализирует албасты и жезтырнака из сказочных персонажей казахского фольклора. Албас – герой рассказов. Синкретическое видео. Анализируется, что изображение албасты встречается со времен ранней Месопотамии. С. Каскабасов проводит анализ их происхождения, общественной деятельности, характеров, определяя основные черты казахских историй.

Что касается жанровых форм в казахском фольклоре, сказаний, сказок, псалмов и т.д., то формулировка С. Каскабасова определяется в зависимости от деятельности, признаков, отношений с обществом, причин возникновения, целей и задач произведения. Особенно ярко выражены прозаические признаки и характеристики, виды сказочного жанра, которые стали началом новых мыслей в фольклористике. В этой статье показано, что выбранный метод в теории в сочетании с жизнеспособностью способствует ясности в определении и систематизации мысли, передаче научного доказательства.

Главной особенностью рассказа является его общность с сюжетами религиозной мифологии. Объясняется, что этот знак - встреча рассказа о драконе или змее в легендах нескольких народов.

С. Каскабасов выделяет основные черты казахских рассказов, анализирует их внешность, общественную деятельность, характеры.

В то же время выявляются смысл и причина жанровых изменений рассказа.

Ключевые слова: казахский фольклор, история, характер, прозаические знаки, отношения с обществом.

**G. K. Shakhazhanova*

Kazakh National Research Technical

University named after K. Satpayev,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 13.03.23.

STUDY ON STORIES OF SCIENTIST S. KASKABASOV

The article analyzes the study of Kazakh folklore, the collection of folklore samples. In this field, academician S. Kaskabasov analyzes albasty and zheztyrnak from the fairy-tale characters of Kazakh folklore. Albas is the hero of the stories. Syncretic video. It is analyzed that the image of albasta has been found since the early Mesopotamy. S. Kaskabasov analyzes their origin, social activities, characters, defining the main features of Kazakh stories.

As for genre forms in Kazakh folklore, legends, fairy tales, psalms, etc., S. Kaskabasov's formulation is determined depending on the activity, characteristics, relations with society, causes, goals and objectives of the work. Especially pronounced are the prosaic signs and characteristics, types of the fairy-tale genre, which became the beginning of new thoughts in folklore studies. This article shows that the chosen method in theory, combined with viability, contributes to clarity in the definition and systematization of thought, the transfer of scientific evidence.

The main feature of the story is its commonality with the plots of religious mythology. It is explained that this sign is a meeting of a story about a dragon or a snake in the legends of several peoples.

S. Kaskabasov highlights the main features of Kazakh stories. Analyzes their appearance, social activities, characters. At the same time, the meaning and cause of genre changes in the story are revealed.

Keywords: kazakh folklore, history, character, prose signs, relations with society.

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz